

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық



Кернеу индикаторы

 **RGK AC-12**

Мазмұны

Қауіпсіздік техникасы	3
Жеткізу жиынтығы	4
Аспаптың мақсаты	4
Аспаптың ерекшеліктері мен артықшылықтары	4
Аспаптың сипаттамасы	5
Аспаппен жұмыс істеу	5
Аспаптың жұмыс режимдері	6
Батареяларды ауыстыру	6
Техникалық сипаттамалар	7
Кепілдік міндеттемелері	7

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

⚠ Пайдалану жөніндегі нұсқаулық аспаппен қауіпсіз және тиісінше жұмыс істеу жөніндегі мәліметтерден тұрады. Аспапты қолданар алдында нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.

⚠ Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың ұсынымдарын бұзу немесе ұқыпсыз орындау аспаптың бұзылуына немесе пайдаланушының денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.

Қауіпсіздік техникасы

- Аспаптың дұрыс бұрыс пайдалану жарақатқа немесе өлімге әкеліп соғуы мүмкін. Нұсқаулықта жазылған барлық сақтық шараларын, сондай-ақ электр тізбектерімен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасының барлық стандартты талаптарын сақтаңыз.
- Жұмыс басталар алдында аспаптың жарамдылығына көз жеткізіңіз. Егер аспап корпусы зақымдалған болса, құрал дұрыс жұмыс істемесе немесе дисплейде кескін-сурет болмаса, пайдалануды тоқтатып, RGK сервистік орталығына хабарласыңыз.
- Өлшеу жүргізу кезінде сенсорға (аспаптың мөлдір бөлігіне) жанаспаңыз, саусақтарыңызды аспап корпусында ұстаңыз.
- Батарея бөлігінің қақпағы шешіліп тұрған кезде аспаппен жұмыс істемеңіз.
- 1000 В-тан жоғары кернеуді өлшеуге тырыспаңыз.
- Аспап жұмысының дұрыстығын тексеру үшін белгілі кернеуді өлшеу қажет (мысалы, розетканы). Аспаптың тиісті түрде жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізу үшін кернеу детекторын тексерілген тізбекте кернеу астында әрқашан тестілеңіз.
- Аспапты тек мақсаты бойынша пайдаланыңыз, кері жағдайда пайдалану қауіпсіздігі бұзылуы мүмкін.
- Айнымалы тоқ кернеуі 30 В-тан және тұрақты тоқ 60 В-тан жоғары жұмыстарына ерекше назар аудару қажет.
- Сіз бейтарап немесе жерленген деп санайтын сымы да дұрыс қосылмағандықтан кернеу астында қалуы мүмкін.
- Өлшеу нәтижелерінің дұрыстығына өткізгіштің оқшаулау түрі, сымның қалыңдығы және металл орамының болуы, кернеу көзіне дейінгі қашықтық, басқа өткізгіштердің жақын болуы, розетканың конструкциясы және басқа да факторлар әсер етуі мүмкін. Егер алынған нәтижелердің дәлдігіне күмәнііз болса, нәтижені тексеру үшін басқа өлшеу әдістерін пайдаланыңыз.
- Аспап корпусын ашпаңыз, аспапты өзіңіз жөндеуге немесе модификациялауға тырыспаңыз. Аспапты жөндеуді тек RGK сервистік орталығының білікті маманы ғана жүргізуі тиіс.

- Аспапты температурасы мен ылғалдылығы жоғары, электромагниттік өрісі күшті жерлерде, жарылыс қаупі бар және отқа қауіпті ортада сақтамаңыз және пайдаланбаңыз.
- Аспаптарды тазалау үшін абразивтерді, қышқылдарды немесе еріткіштерді пайдалануға тыйым салынады.

Жеткізу жиынтығы

Аспапты сатып алу кезінде жиынтықты тексеріңіз:

Атауы	Дана
Индикатор	1
AAA батареялары	2
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	1

Егер сіз қандай да бір керек-жарақтың жоқтығын немесе бүлінгенін анықтасаңыз, сатушымен хабарласыңыз.

Аспаптың мақсаты


RGK AC-12 – бұл айнымалы тоқтың кернеуін анықтауға арналған, жарық-дыбыстық дабылы бар сенімді және қауіпсіз түйіспесіз кернеу индикаторы. Аспап айнымалы кернеуден туындаған орнатылған электростатикалық өрісті жалаңаш өткізгішпен жанаспай оқшаулама арқылы анықтайды. Аспап жарық және дыбыстық индикациямен кернеудің анықталғанын хабарлайды, қатты сигнал кезінде аспап корпусын дірілдетеді (діріл режимі қосылулы кезде).

Аспап өндірісте де, үй жағдайында да әртүрлі электр жабдықтарымен жұмыс істеу кезінде 1000 В-қа дейінгі кернеуді тез анықтау үшін кеңінен пайдаланылады.

Аспаптың ерекшеліктері мен артықшылықтары

- Кеңейтілген ауқым: 24-1000 В и 90-1000 В айнымалы тоқ.
- Төмен және жоғары вольтты жұмыс режимдері.
- Дыбыстық және жарықтық ескертулер, корпусының дірілі.
- Қауіпсіздік деңгейі CAT IV 1000 В.
- Автоматты түрде өшу функциясы.
- Шаңнан және ылғалдан қорғалған берік корпус (қорғау дәрежесі IP67).
- Қос оқшаулау.

Аспаптың сипаттамасы



- 1) Сенсордың ұшы
- 2) Жарықтандыру
- 3) Кернеу сенсорының жарықдиоды
- 4) Аспаптың жұмыс режимінің жарық индикаторы
- 5) Аспапты қосу/өшіру түймешігі
- 6) Жарықтандыруды қосу/өшіру түймешігі
- 7) Қыспа
- 8) Батарея бөлігінің қақпағы

Аспаппен жұмыс істеу

ВКЛ/ВЫКЛ батырмасын қысқа басу арқылы аспапты қосыңыз. Қос дыбыстық сигнал шығады, аспаптың жұмыс режимінің жарық индикаторы қызыл түспен жанады, аспап жұмысқа дайын. Қажет болған жағдайда құралдың басқару тақтасындағы (панеліндегі) тиісті түймешікті қысқа басу арқылы жарықтандыруды қосыңыз.

Аспаптың ұшын тексерілетін өткізгіштің немесе тестіленетін құрылғының жанына орналастырыңыз. Жарықдиодты индикатор және дыбыстық сигнал кернеудің бар болуын көрсетеді, сенсор зерттеліп жатқан объектіге жақындаған сайын сигналдардың беру жиілігі күшейеді.

ВКЛ/ВЫКЛ түймешігін шамамен бір жарым секундқа басыңыз, діріл режимі іске қосылады. Бұл режимде аспап корпусы жоғары кернеу деңгейі анықталған кезде дірілдейді, нашар деңгей кезінде жарық-дыбыстық индикациясы ғана жұмыс істейді болады. Для выхода из режима вибрации выключите и снова включите прибор.

Аспап ВКЛ/ВЫКЛ батырмасын ұзақ уақыт бойы (2 секундтан кем емес) басу арқылы өшіріледі. 5 минуттық әрекетсіздіктен кейін аспап пен жарықтандыру автоматты түрде өшеді.

⚠ Тұрмыстық электр розеткасын тексеру алдында одан кез келген құрылғылар мен аспаптарды ажырату қажет.

Аспаптың жұмыс режимдері

- 1) Тестерді қосқан кезде әдепкі бойынша 90-1000 В диапазоны бар жоғары вольтты режим іске қосылады. Бұл режим қалалық электр желілерінде, үш фазалы жүйелерде, электр энергиясын тарату құрылғыларында, электршитарында, түрлі электр құралдарында, құрал-саймандары(құралдарда), тұрмыстық техникада және т.б. кернеуді анықтау үшін пайдаланылады. Жоғары вольттық режимге аспаптың басқару панеліндегі индикатордың қызыл жарығы сәйкес келеді.
- 2) Аспапты төмен вольтты режимге ауыстыру үшін ВКЛ/ВЫКЛ түймешігін қысқаша басыңыз. Режим индикаторының түсі жасыл түске өзгереді. Төмен вольтті жұмыс режимі (диапазоны 24-1000 В) төмен вольтті (90 В дейін) электр қозғалтқыштарында, аудиожүйелерде, пісіру аппараттарында, жерасты шахталарының жарықтандыруларында, оқшаулау қабаты қалың кабельдерде және айнымалы токтың әлсіз электромагниттік өрісінің басқа да көздеріндегі кернеуді тексеру үшін пайдаланылады.

⚠ Төменгі вольттық режимде аспап электр кедергілеріне көбірек ұшырайды.

Батареяларды ауыстыру

⚠ Пайдаланылған батареяны тұрмыстық қоқыспен бірге тастамаңыз. Қоршаған ортаны қорғау мақсатында кәдеге жарату жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.

⚠ Егер аспапты ұзақ уақыт бойы пайдаланбауды жоспарласаңыз ағып кетуді және аспаптың зақымдануын болдырмау үшін, аспаптың ішінде батареяларды қалдырмаңыз.

Егер батареялардың заряды 2,4 В төмен болса, аспап автоматты түрде өшеді. Бұл жағдайда батареяларды жаңа батареяларға ауыстыру керек.

1. Батареялық бөліктің қақпағын төмендегі суретте көрсетілгендей сағат тіліне қарсы бұрап ашыңыз. Полярлықты сақтай отырып, босаған батареяларды шығарып, оларды жаңасына ауыстырыңыз.



2. Батарея бөлігінің қақпағын сағат тілімен тығыз бұраңыз. Қос дыбыстық сигнал батареяларды ауыстыру дұрыс жүргізілгенін көрсетеді.

Техникалық сипаттамалар

Кернеуді өлшеу ауқымы AC	24 – 1000 В, 90 – 1000 В
Жиілік ауқымы	50 Гц/60 Гц
Қауіпсіздік деңгейі	CAT IV 1000 В
Жұмыс температурасы және ылғалдылығы	IP67
Сақтау температурасы мен ылғалдылығы	0 - 40 °С, ≤ 80%
Қоректендіру	-20 ... +50 °С, ≤ 80%
Жалпы өлшемдері	Екі ААА 1,5В батареялары
Массасы	160,5×21,5×25 мм
Қауіпсіздік деңгейі	72 г

Кепілдік міндеттемелері

- кепілдік мерзімі 12 айды құрайды;
- кепілдік мерзімі ішінде пайдалану барысында пайда болған құрылғының ақаулары RGK компаниясының қызмет көрсету орталығымен жойылады;
- кепілдік бойынша жөндеу туралы қорытындысы, тек аспапты RGK компаниясының сервистік орталығында диагностикадан өткізілгеннен кейін ғана жасалуы мүмкін.

Кепілдік қамтымайды:

- батареяларға, аспаппен жиынтықта жүретін;
- механикалық зақымдануы бар аспаптарға, бұрыс пайдаланудан немесе үшінші фирмалардың сапасыз компоненттерін қолданудан;
- компоненттері немесе түйіндері (тораптары) зақымданған аспаптарға, оларға балшықтың, құмның, сұйықтықтардың және т.б. түсуі салдарынан;
- табиғи тозуға ұшырайтын бөліктерге.

Кепілдік міндеттемелердің орындау барысында туындайтын барлық даулар Ресей Федерациясының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

EAC

www.rgk-tools.com